

"Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 708 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 832 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 72 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 5 наурыздағы № 20 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 5 наурызда № 27031 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 708 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 832 бірлескен бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12844 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағының нысанын бекіту туралы";

көрсетілген бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 85-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және 141-бабының 4 -тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**"

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқару органдары қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес орта білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес балалардың демалуына, сауықтырылуына және бос уақытына құқығын іске асыру бойынша білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес арнайы білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы бекітілсін .";

көрсетілген бірлескен бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6 қосымшаларын осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес 7-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Е. Иманғалиев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

_____ А. Куантыров

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

_____ А. Аймағамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің төрағасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 5 наурыздағы
№ 20 мен

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
2022 жылғы 2 наурыздағы
№ 72 бірлескен бұйрыққа
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 708 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрінің
міндетін атқарушы
2015 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 832 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында тексерілетін жергілікті атқарушы органдардың білім басқармасының органдарын, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарын, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған және ерекше режимде ұстайтын арнаулы білім беру ұйымдары, орта білім беру ұйымдарын, арнайы білім беру ұйымдарын іріктеу үшін әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері – жергілікті атқарушы органдардың білім басқармасының органдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға

арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары, ерекше режимде ұстайтын арнаулы білім беру ұйымдары, орта білім беру ұйымдары, арнаулы білім беру ұйымдары;

2) тәуекел – балалардың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқықтарын іске асыруына, білім алуына, демалуына, сауықтырылуына, бос уақытына, әлеуметтік көмек пен қолдауына, тәрбиелеуіне және балаларға арналған ұйымдарда жан-жақты дамуына кедергі келтіретін жағдайлардың туындау ықтималдығы;

3) тәуекелдерді бағалау жүйесі – бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау өткізу мақсатында бақылау органы өткізетін іс-шаралар кешені;

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне қарай бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тексеру парағы – адам өмірі мен денсаулығын, жеке және заңды тұлғаларды, мемлекеттің заңды мүдделерді сақтамай, қатер төндіруге әкеп соғатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптарды қамтитын талаптар тізбесі.

2-тарау. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуге арналған тәсілдер

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау өткізу өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптасады

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

4. Объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесінің жоғары және жоғарыға жатқызылмаған болып бөлінеді:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне жергілікті атқарушы органдардың білім басқармасының органдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау

ұйымдары, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары, орта білім беру ұйымдары, арнайы білім беру ұйымдары жатады;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмағандарға балалардың демалуға, сауықтырылуға және бос уақытын ұйымдастыруға құқығын іске асыру бойынша білім беру ұйымдары жатады.

Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жоспардан тыс тексерулер мен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және бармау арқылы профилактикалық бақылау жүргізу қолданылады.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) жоспардан тыс тексерулер мен бақылау субъектісіне (объектісіне) бармау арқылы профилактикалық бақылау жүргізу қолданылады.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімі мемлекеттік органның бірінші басшысымен бекітіледі.

6. Тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

2) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы;

4) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілетін профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілетін профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар (ұсынымдар)).

7. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтардың бірлі-жарымды немесе жүйелілігі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдердің талдауына байланысты реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес бұзушылық дәрежесі – өрескел, елеулі және елеусіз субъективті өлшемшарттар болып айқындалады.

Өрескел бұзушылық – "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген әкімшілік жауапкершілікті талап ететін балалардың құқықтарын қорғау, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптарының бұзылуы, білім алу құқығының, білім алу кезеңінде әлеуметтік қолдау көрсетудің, тамақтандыруды, демалысты, сауықтыруды,

бос уақытты ұйымдастырудағы тәртіптің, білім беру ұйымдарында балаларды күтіп-бағу тәртібінің, кәмелетке толмағандардың қажетті төлемдерді алу, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру, тәрбиелеу және оқыту үшін ұйымдарда жағдайлар жасау бөлігінде құқықтарының бұзылуы, жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарау кезінде расталған бұзушылықтарды, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдарды белгіленген мерзімде орындамау.

Елеулі бұзушылық – балалардың құқықтарын қорғау, оқуға қабылдау, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды ұйымдастыру, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу.

Елеусіз бұзушылық – балалардың құқықтарын қорғау, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген әкімшілік деректерді ұсыну бөлігіндегі талаптарды бұзу.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

8. Субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттардың 1, 2, 3, 4, 5, және 6 қосымшаларына сәйкес айқындалады:

1) жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқару органдары қызметінің субъективті өлшемшарттары;

2) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары қызметінің субъективті өлшемшарттары;

3) девиантты мінез-құлықты балаларға арналған және ерекше режимде ұстайтын арнаулы білім беру ұйымдары қызметінің субъективті өлшемшарттары;

4) орта білім беру ұйымдары қызметінің субъективті өлшемшарттары;

5) арнайы білім беру ұйымдары қызметінің субъективті өлшемшарттары.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

9. Бір өрескел бұзушылық болған жағдайда бақылау субъектісіне (объектісіне) 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және елеусіз бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициент есепке алынады және аталған көрсеткіш төмендегідей формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_3 = (\sum P_2 \times 100 / \sum P_1) \times 0,7$$

онда: $\sum P_3$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициент есепке алынады және аталған көрсеткіш төмендегідей формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_n = (\sum P_2 \times 100 / \sum P_1) \times 0,3$$

онда: $\sum P_n$ – елеусіз бұзушылықтар көрсеткіші;

$\sum P_1$ – елеусіз бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$ – анықталған елеусіз бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші ($\sum p$) 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және төмендегідей формула бойынша көрсеткіштерді қосу жолымен айқындалады:

$$\sum P = \sum P_3 + \sum P_n \text{ онда:}$$

$\sum P$ – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\sum P_3$ – елеулі дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_n$ – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

10. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға қатысты:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 61-ден 100-ге дейін қоса алғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-қа дейін болғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

11. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі жылына бір реттен жиі болмауға тиіс.

Тәуекел дәрежесін талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

12. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің ең жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектілерінің (объектілерінің) басымдығы ескеріле отырып жасалады.

Жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқару органдары қызметінің субъективті өлшемшарттары

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы		
1	Білім беруді басқару органдарына және білім беруді басқару органдарының қарамағындағы ұйымдардың қызметіне расталған шағым немесе өтініштің болуы	өрескел
2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төмендегідей талаптардың сақталмау жағдайында белгіленеді)		
1	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды уақытылы анықтауды қамтамасыз ету үшін Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкінде (бұдан әрі - республикалық деректер банкі) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың есебін жүргізу	өрескел
2	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мерзімдерінің сақталуын дәлелдейтін құжаттардың болуы	өрескел
3	Республикалық деректер банкінде балалардың сауалнамасында құжаттардың толық топтамасының болуы	өрескел
4	Республикалық деректер банкінде бала асырап алуға үміткерлердің сауалнамаларында толық құжаттар топтамасының болуы	елеулі
5	Азаматтардың бала асырап алуға үміткер болу құқығына сәйкестігі қорытындысының болуы	елеулі
6	Үш жұмыс күні ішінде бала асырап алуға үміткер болуға тілек білдірген азаматтардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларына тексеру жүргізілгенін растайтын құжаттың болуы	елеулі
	Республикалық деректер банкінде бала асырап алуға үміткер болуға	

7	тілек білдірген азаматтардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісінің болуы	елеулі
8	Бала асырап алу ниеті туралы өтінішті қарау мерзімін сақтау	елеулі
9	Бала асырап алуға үміткерлердің баланың денсаулығы туралы медициналық қорытындымен танысу фактісін растайтын жазбаша дәлелдің болуы	елеулі
10	Бала асырап алуға үміткерлердің бала асырап алу процесінде бас тарту немесе бұдан әрі жалғастыру туралы жазбаша растаудың болуы	елеулі
11	Республикалық деректер банкінде баланы асырап алуға берудің мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындының болуы	елеулі
12	Республикалық деректер банкінде қамқоршылардың (қорғаншылардың) толық құжаттама топтамасының болуы	елеулі
13	Республикалық деректер банкінде патронаттық тәрбиешілердің толық құжаттама топтамасының болуы	елеулі
14	Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беретін комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) бекітілген құрамының болуы	елеулі
15	Комиссия жұмысының бекітілген регламентінің болуы	елеулі
16	Комиссия отырыстарын өткізу мерзімдерінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы	елеулі
17	Комиссия отырысы хаттамаларының, шешімдерінің болуы	елеулі
18	Комиссия қорытындысының болуы	елеулі
19	Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өзіне тиесілі алименттерге, жәрдемақыларға және басқа да әлеуметтік	өрескел

	төлемдерге құқығының сақталуын растайтын құжаттардың болуы	
20	Патронат тәрбиешілерге, баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы шешімдердің болуы	өрескел
21	Патронаттық тәрбиешілерге жәрдемақы төлеу мерзімдерінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
22	Патронаттық тәрбиешілерге жәрдемақы төлеу мөлшерінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
23	Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға берілген баланы күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді тағайындау мерзімдерінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
24	Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жәрдемақы төлеу мерзімдерінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
25	Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға балаларды күтіп-бағуға жәрдемақы төлеу мөлшерінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
26	Жетім баланы және (немесе) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлем алу үшін құжаттар топтамасының болуы	өрескел
27	Жетім баланы және (немесе) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлем тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы шешімнің уақытылы шығарылуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
	Жетім баланы және (немесе) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға	

28	байланысты біржолғы ақшалай төлемді төлеу мерзімдерінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
29	Жетім баланы және (немесе) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлем мөлшерінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
30	Баланы асырап алудың жойылуына немесе баланы асырап алудың заңсыз деп танылуына байланысты біржолғы ақшалай төлемнің уақытылы қайтарылуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
31	Бала асырап алушылар біржолғы ақшалай төлемді Қазақстан Республикасының жергілікті бюджетіне қайтарған жағдайда мөлшерін сақтағанын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
32	Бала асырап алуға байланысты төлемақы тағайындаудан бас тартудың болуы	елеулі
33	Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйі болмаған жағдайда, оны алуға құқығының сақталғанын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
34	Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үй алуға кезекке қою мерзімдерінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
35	Қамқорлықтағы балаларда балада және оның ата-аналарында жылжымайтын мүлікпен бар не жоқ екендігі туралы анықтаманың болуы	өрескел
36	Бекітілген мүліктері бар балалардың жылжымайтын мүлігімен мәміле жүргізуге шектеу қою туралы қорғау хаттарының болуы	өрескел
37	Бекітілген мүліктері бар балалардың тұрғын үйдің техникалық, санитарлық жағдайы және мүлік тізімдемесінің болуы	өрескел

38	Бекітілген мүліктері бар балалардың тұрғын үйлеріне қамқоршылық белгілеу туралы жергілікті атқарушы органдар шешімінің болуы	өрескел
39	Бекітілген мүліктері бар балалардың мүлкін басқару туралы шарттардың болуы, тұрғын үйлерін жалға (жалдауға) беру үшін құжаттардың болуы	өрескел
40	Бекітілген мүліктері бар балалардың мүліктерін жалға беруде қабылдау-табыстау актісінің болуы	өрескел
41	Қамқорлықтағы балаға кіріс ретінде тиесілі ең төменгі күнкөріс деңгейінен асатын соманы тек қана қамқорлыққа алынушының мүддесінде жұмсауға қамқоршылық және қорғаншылық органдары рұқсатының болуы	өрескел
42	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар санынан 9 және 11 -сыныптардың түлектерін жұмыспен қамту бойынша есептердің болуы	елеулі
43	Республикалық деректер банкінде қамқорлықтағы балалардың тәрбиелеу және денсаулық жағдайы бойынша есептердің болуы	елеулі
44	Бекітілген мүліктері бар балалардың олардың мүлкіне билік ету бойынша Республикалық деректер банкінде есептердің болуы	өрескел
45	Республикалық деректер банкінде Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары асырап алған баланың өмір сүру жағдайы, оқу, тәрбие және денсаулық жағдайы туралы есептердің болуы	елеулі
	Әрбір ауылдық елді мекенде мектепалды жасындағы балалардың жалпы саны 5 және одан көп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске	

46	асыратын мемлекеттік білім беру ұйымының; кіші мектеп жасындағы балалардың саны 5 және одан көп, бастауыш білім беретін мемлекеттік оқу орнының; кіші және орта мектеп жасындағы балалардың саны 41 және одан көп, негізгі орта білім беретін мемлекеттік оқу орнының, кіші, орта және жоғары мектеп жасындағы адамдардың саны 81 және одан көп, жалпы орта білім беретін мемлекеттік оқу орнының бар болуы	өрескел
47	Оқуға және мектеп-интернаттарда тұруға мұқтаж оқушылардың контингенті 150 және одан көп болған жағдайда ашылатын мемлекеттік жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың бар болуы	өрескел
48	Облыстарда (республикалық маңызы бар қалаларда) мемлекеттік санаториялық мектеп-интернаттардың, мемлекеттік арнаулы білім беру ұйымдарының бар болуы	өрескел
49	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алу құқығына кепілдік беретін, растайтын құжаттардың бар болуы	өрескел
	Әлеуметтік қорғалуға мұқтаж балаларға әлеуметтік көмек көрсету үшін растайтын құжаттардың бар болуы (ата-аналардың немесе олардың орнындағы тұлғалардың өтініші; мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін өтініш иесінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілілігін растайтын анықтама; мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар үшін алынған табысы туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе	

50	<p>олардың орнындағы адамдардың жалақысы, кәсіпкерлік және өзге де қызмет түрлерінен түсетін табыс, балаларға және асырауындағы өзге де адамдарға алименттер түріндегі табыс); отбасыларда тұратын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, балалар үшін қорғаншылықты (қамқоршылықты), патронаттық тәрбиелеуді бекіту туралы уәкілетті органның шешімі; төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар мен білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттары үшін отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеріп-қарау)</p>	өрескел
51	<p>Экономикалық тиімділік және жалпы білім беретін мектептері жоқ елді мекенде тұратын балалардың ата-аналарының келісімі негізінде білім алушыларды таяудағы мектепке дейін және кері қарай тегін тасымалдауды қамтамасыз ету туралы құжаттардың бар болуы</p>	өрескел
52	<p>Тұрғылықты (мекендеу) орны бойынша тіркеудің бар-жоғына қарамастан Қазақстан Республикасы аумағында тұратын (тұрақты немесе уақытша) немесе мекендейтін 0 жастан 18 жасқа (олар орта білім алғанға дейін) дейінгі балаларды есепке алудың жүргізілетінін растайтын құжаттардың бар болуы</p>	елеулі
53	<p>Жалпы білім беретін оқу орындарына дәлелсіз себептермен бармайтын кәмелетке толмағандарды есепке алудың жүргізілетінін, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикалық шаралардың жүзеге асырылатынын растайтын құжаттардың бар болуы</p>	елеулі

54	<p>Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жергілікті атқарушы органдардың бюджетінде қарастырылған жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстау шығыстары сомасының кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат аударылғаны туралы растайтын құжаттардың болуы</p>	өлеулі
55	<p>Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қаржылық және материалдық көмек алуға құқығы бар бекітілген санаттарға сәйкес келуі (мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар ; жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, отбасылардан шыққан балалар; жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балалар; төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар, білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы балалар)</p>	өрескел
56	<p>Бекітілген санаттарға сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілерге (мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан</p>	өрескел
	<p>Бекітілген санаттарға сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілерге (мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан</p>	

57	<p>төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілерге және жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балалар, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы балалар) қаржылық және материалдық көмек көрсетуді растайтын құжаттардың бар болуы</p>	өрескел
58	<p>Орта білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларды және жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мектепте бір рет тамақтандыру нормаларына ас мәзірінің сәйкестігі</p>	өрескел
59	<p>Әлеуметтік-осал санаттағы балалардың (мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар , мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар; жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балалар; төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар, білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын балалардың өзге де санаттары) демалыспен, жұмыспен қамтылу және сауықтырумен бойынша құқығын іске асыруды растайтын құжаттардың бар болуы</p>	өрескел

60	Балалардың сауықтыру ұйымдарының қызметін растайтын құжаттардың бар болуы (қала сыртындағы сауықтыру лагерьлері және күндізгі уақытта ұйымдастырылатын лагерьлер, палаталық, киіз үй лагерьлері)	елеулі
61	Балалардың демалуға, сауықтырылуға және бос уақытын пайдалануға құқығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың өткізілгендігін растайтын құжаттардың бар болуы	елеулі
62	Балаларды сауықтыру лагерьлерінің штаттарының балаларды сауықтыру лагерьлерінің үлгілік штаттарына сәйкес келу	елеулі
63	Жалпы білім беру ұйымдарда кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу шеңберінде қолжетімді спорт секцияларымен, техникалық және басқа үйірмелермен қамтамасыз ету және оларды тарту (бұйрықтар, жұмыс жоспарлары, балалардың тізімдері және тағы басқа)	елеулі
64	Бала қонақтайтын отбасына баланы (балаларды) қабылдау мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы, баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт жасасу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындының болуы	елеулі
65	Жетім балалардың республикалық деректер банкіде "Келу кестесін" келісуін бір күндік мерзімдерінің сақталуы	
66	Интернет-ресурста "Мектептік тамақтандыру" айдарының болуы (білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ақпаратты жүйелі орналастыру (перспективалық, күн сайынғы ас мәзірі, жұмыс жоспары, тамақтану сапасының	елеусіз

	мониторингі жөніндегі комиссиялардың, ведомствоаралық сараптамалық топтардың актілері)	
67	Мектеп оқушыларын тамақтандыруды тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар туралы, тамақтану сапасын бақылау жөніндегі бақылау комиссияларының қызметіне мониторинг жүргізу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топтардың болуы	өрескел
68	Білім алушылардың жасын ескере отырып, тағамдардың шығуы көрсетілген бекітілген перспективалық мәзірдің болуы	
69	Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің әзірленген және бекітілген жұмыс қағидаларының болуы, білім беру ұйымдарында психологиялық қызметке әдістемелік басшылықты қамтамасыз ету	өрескел
70	Тәрбие процесін ұйымдастыру, білім алушыларды тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыратын әлеуметтік педагогтердің, педагог-психологтардың қызметін бақылау, білім алушылардың буллинг, суицидтерінің алдын алу жөніндегі жұмыстарды жүргізу бойынша растайтын құжаттардың болуы	
71	Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға деректер базасының болуы	елеусіз
72	Террористік әрекеттен зардап шеккен балаға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация жүргізу туралы мәліметтердің болуы	елеулі
73	Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы органмен келісілген террористік әрекеттен зардап шеккен баланы әлеуметтік оңалтудың жеке жоспарының болуы	елеулі

74	Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға құқықтық, білім беру, психологиялық, медициналық, мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер көрсету туралы мәліметтердің болуы	елеулі
75	Кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыруға, оларға адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін дарытуға бағытталған әзірленген және білім беру ұйымдарының жұмыс практикасына енгізілген бағдарламалар мен әдістемелердің болуы	елеулі
76	Дамуында немесе мінез-құлқында ауытқулары бар кәмелетке толмағандарды анықтайтын, оларға кешенді сараптама жүргізетін және оларды одан әрі оқыту мен тәрбиелеу нысандарын айқындау бойынша ұсынымдар дайындайтын психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиялар құру туралы бұйрықтардың болуы	елеулі
77	Девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды, қолайсыз отбасыларды анықталғанын, оларды есепке қойғанын және олармен жеке профилактика шараларын жүргізгенін растайтын құжаттардың болуы	елеулі
78	Пробация қызметі әзірлеген әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарға орта білім алуда көмек көрсету туралы растайтын құжаттардың болуы	елеулі
3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар)		
1	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдардың	өрескел

	белгіленген мерзімде орындалмалуы	
4. Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтерді мониторингтеу		
1	Қазақстан Республикасы азаматы болып табылатын, асырап алынған балалар туралы анық емес мәліметтерді электронды түрде беру	елеуліс
2	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар есебінен білім беру ұйымдары бітірушілерінің жұмысқа орналасу мен қамту туралы анық емес мәліметтерді электронды түрде беру	елеуліс
3	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша анық емес мәліметтерді электронды түрде беру	елеуліс
4	Білім ұйымдары жоқ ауылдық елді мекендерде тұратын оқушыларға тасымалдауды ұйымдастыру туралы анық емес мәліметтерді электронды түрде беру	елеуліс
5	Жалпы білім беретін мектептерде білім алушыларға ыстық және буфеттік тамақ ұйымдастыру туралы анық емес мәліметтерді электронды түрде беру	елеуліс
6	Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметкерлері туралы анық емес мәліметтерді электронды түрде беру	елеуліс
7	Балаларды сауықтыру лагерьлерінің желісі және ондағы оқушылардың саны туралы анық емес мәліметтерді электронды түрде беру	елеуліс

Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары қызметінің субъективті өлшемшарттары

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы		
1.	Расталған шағым немесе өтініштің болуы	өрескел
2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төмендегідей талаптардың сақталмау жағдайында белгіленеді)		
1	Жергілікті атқарушы органдардың баланы ұйымдарға жіберу туралы шешімдерінің болуы (бұйрық, қаулы және басқалар)	елеулі
2	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар тәрбиеленушілерінің тұрмыстағы тыныс-тіршілігін қолдауға бағытталған әлеуметтік-тұрмыстық қызметтердің бар болуы (оңалту және емдеу, білім беру, мәдени іс-шаралар, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларына, тұрмыстық бағдарлау негіздеріне оқыту үшін жиһазбен және (немесе) мамандандырылған жабдықпен жабдықталған тұратын жердің, үй-жайлардың болуы; киім, аяқ киім және жұмсақ инвентарь ұсыну; көліктік қызмет көрсету; тұрмыстық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету; қажетті жабдықтармен кәсіби өзін-өзі анықтау және шығармашылық еңбек үшін жағдай жасау; ақыл-ой, эмоционалдық, рухани және дене бітімінің дамуына ықпал ететін отбасылық жақындатылған қолайлы жағдайлар беру)	елеулі
3	Медициналық-әлеуметтік тексеру өткізу және ұйымдастыру; денсаулық жағдайын ескере отырып күтімді қамтамасыз ету; консультациялық көмек көрсету, әлеуметтік-медициналық сипаттағы профилактикалық және оңалту іс-шараларын жүргізу	елеулі
4	Әлеуметтік-психологиялық патронаж психологиялық кеңес беру, психологиялық көмек көрсету; психологиялық жай-күйін түзету	елеулі

5	Дене мүмкіндіктері мен ақыл-ой қабілеттерін ескере отырып, педагогикалық түзету мен оқытуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық қызметтердің болуы	елеулі
6	Дене мүмкіндіктері мен ақыл-ой қабілеттерін ескере отырып, түзету-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуді, білім алуға жәрдемдесуді растайтын құжаттардың болуы	елеулі
7	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында заң консультациясының болуы, заңды маңызы бар құжаттарды ресімдеуге көмек көрсету, қорғаншы және қамқоршы органдарға балаларды отбасына орналастыруға, оның ішінде асырап алуға, қорғаншылыққа, патронатқа, қамқоршылыққа алуға жәрдемдесу	елеулі
8	Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығын-сыз қалған балалардың өздеріне тиесілі алименттерге, жәрдемақыларға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығының сақталуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
9	Тәрбиеленушілердің алименттерден, жәрдемақылардан түскен қаражаттарын және басқа да әлеуметтік төлемдерін банк шоттарынан алуға тыйымның сақталуы	өрескел
10	Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығын-сыз қалған балалардың тұрғын үйі болмаған жағдай-да, оны алуға құқығын сақтау үшін құжаттардың болуы	өрескел
11	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларда тұрғын үйінің бар екені анықталған жағдайда тексерілетін тұрғын үйде тіркелген адамдарды, сондай-ақ нақты тұратын адамдарды көрсете	өрескел

	отырып, тұрғын үйдің техникалық , санитариялық жай-күйі туралы актінің болуы	
12	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларда тұрғын үйінің бар екені анықталған жағдайда әрқайсысының ерекше белгілерін көрсете отырып, тұрғын үйдегі мүлік тізімдемесінің болуы	өрескел
13	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін жалға (жалдауға) беру туралы үлгілік шарттың болуы	өрескел
14	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін жалға (жалдауға) беруден түскен қаражатты аудару үшін балалардың банктік шоттарының болуы	өрескел
15	Тұрғын үйдің жай-күйі, осы тұрғын үйге қатысты жүзеге асырылатын іс-әрекеттер туралы мәліметтерді қамтитын қамқорлыққа алынушының тұрғын үйін басқару жөніндегі есептердің (кемінде алты айда бір рет еркін нысанда) болуы	өрескел
16	Педагогтердің педагогтік әдеп нормалары мен міндеттерін орындауы	елеулі
17	Білім беру ұйымы басшысының немесе өзге де лауазымды тұлғасының тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау бойынша міндеттерін орындауы (өтініш болған жағдайда тексеріледі)	елеулі
18	Білім беру ұйымы бекіткен алқалық органдардың (педагогикалық, қамқоршылық кеңестердің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстар хаттамаларының болуы	елеулі
19	Тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ адамдарды білім беру ұйымдарына жұмысқа жіберу фактісінің болуы	елеулі

20	Педагогтердің аттестаттаудан өту мерзімдерінің сақталмауы: педагогтерді аттестаттау кемінде бес жылда бір рет; білім беру ұйымдарының басшыларын – үш жылда бір рет, білім беру ұйымдары басшысының орынбасарларын – үш жылда бір рет өткізіледі	елеулі
21	Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттыруды (растауды) сақтамауы	елеулі
22	Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың жұмысқа орналасуын растайтын құжаттардың бар болуы	елеулі
23	Ұзақтығы күніне кемінде 42 және кемінде 60 академиялық сағат, тренинг нысанында кемінде 3 академиялық сағат сәйкес жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау бағдарламасының болуы	елеулі
24	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыруды растайтын құжаттардың болуы	елеулі
25	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында	елеусіз

	сертификат беруді есепке алу журналында сертификат беру және оларды тіркеу есебін жүргізу	
26	"Келу кестесін" қалыптастырудың бір күндік мерзімін сақтау, бала асырап алуға кандидаттардың республикалық деректер банкінде танысу не болмауы фактілерін, екі апталық қарым-қатынасын растау	елеулі
27	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тамақтандыру, киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормаларының сақталуын растайтын құжаттардың болуы	елеулі
